



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ**

**Туристiк-өлкетану бағытында балаларға қосымша бiлiм беру
ұйымдарының Республикалық үйлестiру кеңесiнiң
БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ**

2015 жылғы 24 қазан

Астана қаласы

«Мәңгiлiк ел» жалпы ұлттық идеясы халық үшiн де, мемлекет үшiн де оның болашағынан тыс болмайтын тарихи сабақтастық пен ұрпақтардың жалпыға бiрдей байланысын айқындауға бағытталған.

«Мәңгiлiк ел» жалпы ұлттық идеяларын жүзеге асыру жағдайында балалар-жасөспiрiмдер туризмiн дамыту тұлғаның үйлесiмдi дамуын қамтамасыз ететiн, қазақстандық патриотизмiн, азаматтық бiрегейлiгi мен төзiмдiлiк мәдениетiн қалыптастыратын мейлiншi тиiмдi бiлiм беру технологиясы болып табылады.

Қазақстан Республикасы Бiлiм және ғылым министрлiгiнiң Республикалық қосымша бiлiм беру оқу-әдiстемелiк орталығы 2015 жылғы 24 қазанда Астана қаласының Оқушылар сарайында туристiк-өлкетану бағытында балаларға қосымша бiлiм беру бағдарламаларын жүзеге асыратын бiлiм беру ұйымдары басшыларының республикалық Үйлестiру кеңесiнiң кеңейтiлген отырысы өткiзедi.

Кеңес жұмысына Қазақстан Республикасы Парламентi Мәжiлiсiнiң депутаттары, ҚР бiлiм және ғылым, инвестициялар және даму, iшкi iстер министрлiктерiнiң өкiлдерi, облыстар, Астана және Алматы қалалары бiлiм басқармаларының, жас туристер станциялары және орталықтарының басшылары, өзара ынтымақтас серiктестер қатысады.

Негiзгi назар Балалар-жасөспiрiмдер туризмiн дамытудың тұжырымдамалық тәсiлдерiн одан әрi iске асыру, республика оқушыларының арасында туристiк-өлкетану қызметiн жандандыру, оқушылардың сабақтан тыс туризм қызметiнiң дамуын, Батыс Қазақстан облысының балалар-жасөспiрiмдер туризмi мен экология облыстық орталығы жұмысының оң тәжiрибесiн тарату мәселелерiне аударылатын болады.

Үйлестiру кеңесiнiң қорытындысы бойынша елiмiздегi балалар-жасөспiрiмдер туризмiн дамытудың тиiмдi үлгiсiн құрудың бұдан арғы жұмысын көрсететiн ұсыныстар қабылданатын болады.

Қосымша ақпарат алу үшiн мына телефондар арқылы хабарласа аласыздар: 8(7172)24-93-08, nt_ekotur@mail.ru